«Халықтық» «Алтынзер» би ұжымының
есептік концертінің сценариі

Өтетін орны: ***Аудандық мәдениет үйі***
Өтетін уақыты: ***21 ақпан 2026 ж. ж.у. сағ***

Көрермен жиналғанша әсем әуендер ойнап тұрады.

Фанфар

(*Айгүл мен Нұрсәт шығады)*

Айгүл: Нұрсәт, сен «Өнер» дегенде нені түсінесің?

Нұрсәт: Менің ойымша: Өнер – өнегелі, ақылды адамдарды тәрбиелейтін құрал. Өнер - өмірдің сәні. Ал би –сол өмірдің әсем ырғағы деп білемін.

Айгүл: Дұрыс айтасың, сол өнердің бірі – би өнері десек, адамның ішкі рухани әлемін ашатын, сұлулыққа тәрбиелейтін, игі қасиеттерді оятатын би ұжымдарының жұмысына үлкен жауапкершілік жүктелетіні анық.

Нұрсәт: Иә, «тынымсыз – ізденіс, түбегейлі – нәтиже» екенін ескерсек, бүгінде ұлттық нақыштағы халық билерін көрермендерге паш етіп жүрген бірнеше байқауларының жеңімпазы, 20 жылға жуық тарихы бар «Халықтық» «Алтынзер» би ұжымы. Жетекшісі Тасмағанбетова Лаззат Рамазанқызы. Ендеше, есептік концертті осы бір сәттің айғағы десек қателеспейміз. Олай болса, бүгінгі мерекелік кешке келген көрермендерге назар аударсақ?

Айгүл: Ар ма, ардақты ағайын!

Нұрсәт: Қайырлы күн, құрметті көрермендер! Би – жүректің үні, жанның тілі болса, би ұжымы сол өнерді бір арнаға тоғыстырған шығармашылық топ. Өнерге деген сүйіспеншілік, өмірге құштарлық, жеке тұлғаның ішкі дүниесін байытып, іскерлікке ынтасын арттыруда өнердің бұл түрінің орны ерекше. Ендеше, биден шашу шаша келген «Халықтық» «Алтынзер» би ұжымының есептік концертіне қош келдіңіздер!

Айгүл: Нұрсәт, концертімізді қалай бастаймыз?

Нұрсәт: Әрине, бимен бастаймыз. Ендеше, үлкен құрметпен сахнаға «Корабль снов» биімен Алтынзердің аралас тобын шақырамыз. Қошеметтеріңіз!

«Корабль снов» биі
Орын: «халықтық» «Алтынзер» би ұжымының аралас тобы

«Заманауи би»
Орын: «халықтық» «Алтынзер» би ұжымының үлкендер тобы

«Халықтық» «Қазына» ардагерлер ансамблінің
«Өнердегі өмір, кемелді кезең» атты есептік концерті

Өтетін орны: ***Аудандық мәдениет үйі***
Өтетін күні: ***25.02.2026ж сағат 15.00***

Фанфар

Сөзі: Ә.Дүйсембиев
Әні: Ә.Бейсеуов
«Сырласу вальсі»
А.Жұбановтың әні «Қарлығаш»
Орын: «Белсенді өмір орталығы» «Әжемай» хоры және «Қазына» ардагерлері

1Жүрг: Армысыздар, қадірлі қонақтар, ардақты ағайын!
2Жүрг: Қайырлы күн, ән сүйер көрермен! Егде жасқа келсе де еңсесін түсірмей, бір – бір үйдің қазыналы қарты болып, немере – шөбере сүйіп отырса да бір мезет ел алдында өнер көрсетіп, қазыналы қарттығын халықпен бірге өткеріп жүрген асыл ардагерлеріміз бүгін сіздер үшін тағы бір мәрте өнерлерін тарту етпекші. Ансамбльдің қазіргі таңдағы жетекшісі - Жайнагүл Оңғарбайқызы.

1Жүрг: Қазыналы қарттығын халықпен бірге өткеріп жүрген асыл ардагерлерімізге құрмет қошеметтеріңіз! Ендеше, облыстық байқаулардың бірнеше дүркін жүлдегері «халықтық» «Қазына» ардагерлер ансамблінің **«Өнердегі өмір, кемелді кезең»** атты есептік концертіне қош келдіңіздер!

2Жүрг: Құрметті көрермендер! Бүгінгі кешіміз – елдің еңсесін көтерген, бейбіт өмірдің бағасын білетін, даналықтың дариясы - ардагерлерімізге арналады. Олай болса, халқымыздың қазыналы әндері мен күйлерін паш етіп, ретро әндерінен сызылтқан өнерлі жандардың өнерін тамашалайық!

«Тамды аруы»
Әні: Ш.Қалдаяқов
Сөзі Қадыр Мырзалиев

«Әгугай домбыра»
Әні: А. Қоразбаев
Сөзі: Т. Қажыбаев

Ән:
Орын:С.Сәнкібай

«Қазақ биі»
Орын: Нұргүл Суесенова

Халықтық «Триумф» би тобының есептік концертінің сценарии

Өтетін орны: ***Аудандық Мәдениет үйі***

Өтетін уақыты: ***27.02.2026 жыл 20:00***

(Көрермен жиналғанша әсем әуендер ойнап тұрады. Басталғаннан кейін Шоу. Звук дыбыстары ойналады. Лэд экранда «Триумф» би ансамблының бейнеролікпен басталып, «Вокзал» биі мен жалғасады. Би аяқталғаннан кейін Лэд экранда Создер мен сандар шығады. Создер біткенен кейін ортаға жүргізушілер шығады.)

Асыланбек: Қайырлы кеш, өнерді сүйген ардақта қала тұрғындары мен қадірлі қонақтар! Бүгін бұл сахнада әсем әуен мен әсем қимыл тоғысады!

Гүлмереке: Сіздерді шабыт пен шеберлікке толы, сезім мен серпінге бай «Триумф» би тобының есеп беру концертінде көргенімізге қуаныштымыз! Қош келдіңіздер- би әлеміне саяхат енді басталды!

(Қазақ биі «Асатаяқ» хабарламай шығады.)

Асыланбек: Құрметті көрермендер, ендігі кезекте сөз кезегін берсек дейміз. Мұғалжар аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі басшысы Хамзина Сәуле Абдуллаевнаға беріледі.

Асыланбек: Би-бұл тек қимыл ғана емес, ол-тарих, ол-жүректің үні.

Гүлмереке: Биыл сахна сәніне айналған, талай таланттың тұсауын кескен «Халықтық» «Триумф» би тобына-20 жыл!

Асыланбек: Иә, 20 жыл- бұл жай ғана сан емес. Бұл- маңдай тер, табандылық, шығармашылық ізденіс пен жарқын жеңістердің шежіресі.

Құрметті Сейлова Светлана Утеуліқызы-Мұғалжар аудандық мәдениет үйі жанынан құрылған «Триумф» бишілер тобы 2001 жылдан бері ауданымыздың мәдени өміріне өлшеусіз үлес қосып келеді. 2006 жылы ұжымның «Халықтық» атағын қорғап алуы — Сіздің кәсіби шеберлігіңіз бен тынымсыз еңбегіңіздің, шығармашылық табандылығыңыздың жарқын жемісі деп білеміз.

8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне арналған «Ана махаббаты-мәңгілік көктем» атты мерекелік шараның сценарий

Өтетін жері: *Аудандық мәдениет үйі*
Уақыты: *6 наурыз 2026 жыл.сағ 11.00*

Мереке өтетін жер тақырыпқа сай безендіріледі. Әсем әуендер ойнап тұрады. Мереке «Жандары жауқазындай жадыраған қыздар» атты би композициясымен ашылады.

1 Жүрг: Қайырлы күн, асыл аналар,

2 Жүрг: Ардақты апалар, ай маңдайлы арулар!

1 Жүрг: Бұл мереке Қазақстанда әйел қауымына деген шынайы құрметтің белгісі, сіздердің қоғам өміріндегі ерекше орындарыңыздың айшықты айғағы.

2 Жүрг: Бүгінде Қазақстан әйелдері – ол өсіп- өркендеген Қазақстанды құру жолында жемісті еңбек етіп жүрген нәзік жанды азаматтар, білікті мамандар, шынайы патриоттар.

1 Жүрг: Әйел – ана отбасының ұйытқысы, ондағы сенімнің сақтаушысы, ұрпақ тәрбиесінің, бауырмалдық, адамгершілік құндылықтарының қайнар көзі.

2 Жүрг: Еліміздегі толайым табыстар мен өркенді өзгерістерге бастайтын өрелі істер ең алдымен сіздердің аяулы аналық жүректеріңізден бастау алады.

1 Жүрг: Сіздердің ыстық ықыластарыңыз бен жан шуақтарыңыз әрбір шаңырақтағы береке мен бірліктің негізі. Сіздер әрдайым сұлулықтың, нәзіктіктің, жан жылуының және асқақ биіктіктің бейнесі болып қала бересіздер.

2 Жүрг: Бүгінгі мерекенің қарсаңында барша ізгі лебіздер мен шынайы сезімдер, алғыс сөздер сіздерше арналады. Өмірлеріңіз шаттыққа, құшақтарыңыз гүлге толсын деп тілейміз. Өздеріңізге арналған **«Ана махаббаты-мәңгілік көктем»** атты салтанатты жиын, меркелік концертке қош келдіңіздер!

1Жүрг: Құрметті әйел азаматшалар! Сіздер әр шаңырақтың отын жағып, ошағын маздатып отырғандарыңызбен бірге ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық мәселелерінің шешімін табуын, қоғамның түрлі салаларының дамуына айтарлықтай үлес қосып келесіздер.